

**«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2021 жылғы «29» шілдедегі  
№ 12 шешімімен «<БЕКІТІЛДІ»**

**«Аграрлық несие корпорациясы»  
акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы  
саясаты**

**МАЗМҰНЫ:**

1.	Жалпы ережелер	2
1.1.	Қолданылу аясы	2
1.2.	Қоғамның тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттері	5
1.3.	Қоғамның тұрақты даму қағидаттары	6
1.4.	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік	6
2.	Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызметінің бағыттары	9
2.1.	Ұлттық экономиканың тұрақты дамуына жәрдемдесу	9
2.2.	Өзінің экологиялық әсерін басқару	10
2.3.	Жауапты еңбек тәжірибесі	10
2.4.	Жауапты іскерлік тәжірибе	11
3.	Осы саясатты іске асыру тетіктері	12
3.1.	Жауапкершілікті бөлу	12
3.2.	Тұрақты даму қағидаттарын негізгі процестерге интеграциялау	13
3.3.	Тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашу	16
4.	Қорытынды ережелер	16

**1. Жалпы ережелер****1.1. Қолданылу аясы**

1. «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының осы тұрақты даму саласындағы саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына және нормативтік құқықтық актілеріне, «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның қызметін реттейтін өзге де ішкі құжаттарға сәйкес, сондай-ақ БҰҰ Жаһандық шартының талаптары, БҰҰ Жауапты инвестициялау қағидаттары, AA1000 Стандарттар сериясы, ISO 26000:2010 «Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі басшылық» халықаралық стандарты, Есептілік жөніндегі жаһандық бастаманы тұрақты дамыту саласындағы есептілік стандарттары (GRI стандарттары) ескеріле отырып әзірленген.

2. Осы Саясаттың мақсаты – Қоғам тұрақты даму саласында басқару жүйесін құруда ұстануға негіз қалаушы нормаларды, қағидаттарды, қағидалар мен тәсілдерді айқындау.

3. Осы Саясаттың міндеттері:

1) Қоғам қызметінің тұрақты даму саласындағы, оның ішінде мүдделі тараптармен өзара әрекеттестіктің тиімді және ашық жүйесін құру бөлігінде қағидаттары мен бағыттарын айқындау;

2) тұрақты даму қағидаттарын іске асыру үшін Қоғамның әрбір органының және барлық қызметкерлерінің рөлдерін, құзыреттерін, жауапкершілігін бекіту;

3) Қоғамның тұрақты дамуы мен түйінді процестерінің өзара байланысын айқындау.

4. Тұрақты даму саласындағы міндеттерді шеше отырып, Қоғам өзінің миссиясына, Қоғамның Даму стратегиясының ережелеріне сүйенеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттармен бекітілген халықаралық мінез-құлық нормалары мен қағидаттарын қолданады.

5. Қоғам тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарды пайдалануды өз қызметінің үздік халықаралық тәжірибеге сәйкестігін қамтамасыз етудің және тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің қажетті шарты ретінде қарастырады.

6. Осы Саясаттың ережелерін Қоғамның барлық қызметкерлері мүдделі тараптармен

өзара әрекеттестікті қозғайтын бөлігінде, өз қызметін жоспарлау және жүзеге асыру, ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, ақпаратты тарату және коммуникацияның басқа да түрлері кезінде сақтауға тиіс.

7. Осы құжатта мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) БҰҰ Жаһандық шарты – тұрақты даму саласындағы ең ірі халықаралық бастама, оның мақсаты адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он негізгі қағидатты іскерлік қоғамдастық қызметіне енгізу болып табылады;

2) мүдделі тарап (стейкхолдер) – Қоғамға және оның қызметіне әсер ететін және/немесе Қоғам тарапынан өздеріне әсерді сезінетін жеке және заңды тұлғалар немесе тұлғалар топтары (мысалы, қызметкерлер, клиенттер, контрагенттер және т. б.);

3) Даму индексі – Қоғамның даму стратегиясына, мемлекеттік даму бағдарламаларына және Қоғамның инвестициялық қызметінің мақсаттарына сәйкес қаржылық қолдау көрсету туралы шешім қабылдау кезінде Қоғамның қабылданған инвестициялық саясатына сәйкес есептелетін әлеуетті жобаларға басымдық беру құралы;

4) стейкхолдерлер картасы – стейкхолдерлердің әрқайсысымен жұмыс істеу стратегиясын әзірлеу мақсатында Қоғамның қоршаған ортасы туралы ақпаратты жүйелеуге және визуалдауға мүмкіндік беретін құрал;

5) бәсекелестер – қызмет саласы, мүдделері мен мақсаттары Қоғамның қызмет саласындағы мүдделері мен мақсаттарымен бірдей жеке немесе заңды тұлғалар;

6) контрагенттер – шарт бойынша белгілі бір міндеттемелерді өзіне қабылдаған жеке немесе заңды тұлғалар (мысалы, өнім берушілер, серіктестер);

7) «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы – өзіне қызметкерлердің экологиялық сана-сезімінің деңгейін арттыруға бағытталған техникалық та және мотивациялық-білім беру іс-шараларын да қамтитын кешенді тәсіл;

8) ISO 26000:2010 «Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі басшылық» халықаралық стандарты-әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын, әлеуметтік жауапкершілікке қатысты негізгі тақырыптар мен проблемаларды және әлеуметтік-жауапты мінез-құлықты ұйымның стратегияларына, жүйелеріне, тәжірибелері мен процестеріне интеграциялау тәсілдерін айқындайтын стандарт;

9) Халықаралық Қаржы Корпорациясы – қызметі дамушы елдердің жеке секторына ғана шоғырланған Дүниежүзілік банк тобына кіретін халықаралық қаржы институты;

10) менеджмент – Басқарма Төрағасы, мүшелері – Қоғамның басқарушы директорлары;

11) басқару органы – Директорлар кеңесі;

12) БҰҰ-ның жауапты инвестициялау қағидаттары (UN PRI Principles) – инвестициялық қызметтің барлық кезеңдеріндегі экологиялық және әлеуметтік факторларды, сондай-ақ адал корпоративтік басқару факторларын (ESG факторлары) есепке алуға негізделген қағидаттар кешені;

13) сақтық қағидаты – қағидат қоршаған ортаның жай-күйінің нашарлауының алдын алу бойынша тиімді шаралардың, экологиялық апаттардың алдын алу жөніндегі алдын алу іс-қимылдарының, тіпті олардың толық ғылыми негіздемесі болмаған кезде де қабылдануын білдіреді;

14) Экватор қағидаттары (Equator principles) – ХҚК қолданатын табиғат қорғау және әлеуметтік стандарттарға негізделген, жобалық қаржыландыру шеңберінде экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді бағалау үшін қаржы ұйымдары әзірлеген және қабылдаған нормалар кешені;;

15) жоба – Қоғамның қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсетуін көздейтін әлеуетті немесе жасалған мәміле:

– түпкілікті алушыға (тікелей қолдауымен);

– екінші деңгейлі банктерге, даму банктеріне, микроқаржы ұйымдарға, лизингтік компанияларға, кредиттік серіктестіктерге және басқа заңды тұлғаларға кейіннен қаржыландыруды түпкілікті алушыға жіберу мақсатында (жанама қолдау кезінде) депозиттік қаражаттарды орналастыру/мақсатты кредиттер беру түрінде;

– инвестициялық қорларға және тікелей инвестициялар қорларына кейіннен қаржылай қолдауды түпкілікті алушыға бағыттау мақсатында капиталға кіру түрінде (жанама қолдау кезінде);

– Қоғамның инвестициялық саясатының ережелеріне, жарғылық мақсаттарына, Қоғамның стратегиялары мен миссияларына сәйкес келген жағдайда үлестік және борыштық қаржыландыру құралдары арқылы, инновациялық гранттар беру, кепілдік және сақтандыру қолдауын көрсету, сондай-ақ субсидиялау;

16) AA1000 стандарттар сериясы – Account Ability институты (Әлеуметтік және этикалық есептілік институты) әзірлеген қаржылық емес есептілікті басқару және оның сапасын қамтамасыз ету құралдары мен стандарттарының жиынтығы. AA1000 стандарттар сериясына мыналар кіреді:

– Қағидаттар стандарты Accountability AA1000 (AA1000AP);

– Верификация стандарты AA1000 (AA1000AS);

– Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл стандарты AA1000 (AA1000SES);

17) Есептілік жөніндегі жаһандық бастаманың тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттары (GRI стандарттары) – барлық ұйымдарға қолданылатын және есептілікті дайындауға қойылатын қағидаттар мен талаптарды, жалпы ашу элементтерін және менеджмент тәсілі туралы мәліметтерді қамтитын 3 әмбебап стандартты қамтитын және экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарды ашу жөніндегі стандарттар сериясын қамтитын 33 тақырыптық стандартты қамтитын стандарттар жиынтығы;

18) Стратегия-2050 – Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясы, оның басты мақсаты күшті мемлекет, дамыған экономика және жалпыға бірдей еңбек мүмкіндіктері негізінде игілік қоғамын құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына кіруі болып табылады;

19) Қоғамның тұрақты дамуы саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше – Қоғамның Даму стратегиясын әзірлеуге, келісуге, мониторингтеуге және өзектендіруге жауапты құрылымдық бөлімше;

20) тұрақты даму – ұйым өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға әсерін басқаратын және мүдделі тараптардың мүдделерінің сақталуын ескере отырып шешімдер қабылдайтын даму. Тұрақты даму болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырмай, қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек;

21) ESG факторлары – халықаралық қоғамдастық мойындаған стандарттарға негізделген экологиялық тиімділік және қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік бағыттылық және адал корпоративтік басқару қағидаттарының кешені;

22) БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттары – 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы Күн тәртібі шеңберінде қабылданған және кедейлікті жоюға, планета ресурстарын сақтауға және барлығының әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған 17 мақсат және 169 міндет;

8. Осы құжатта мынадай қысқартулар қолданылған:

1) ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер;

2) КБК – Корпоративтік басқару кодексі;

3) КС – кредиттік серіктестіктер;

4) ЛК – лизингтік компаниялар;

5) ХҚК – Халықаралық Қаржы Корпорациясы;

6) МҚҰ – микроқаржы ұйымдары;

- 7) БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы;
- 8) Қоғамның Даму стратегиясы – «Аграрлық несиелік корпорациясы» акционерлік қоғамының Даму стратегиясы;
- 9) ESG – Environmental, Social and Governance;
- 10) GRI – Global Reporting Initiative.

## 1.2. Тұрақты даму саласындағы Қоғамның мақсаттары мен міндеттері

9. Қоғамның тұрақты дамуы – бұл Қоғам қызметін жүзеге асыру кезінде:
  - 1) мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастарды басқару бөлігінде;
  - 2) ұлттық экономикаға, әлеуметтік салаға және экологияға әсерді бағалау және басқару бөлігінде басшылыққа алатын қағидаттар мен міндеттемелердің жиынтығы.
10. Қоғам ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келістілігін қамтамасыз етеді.
11. Қоғамның тұрақты дамуының экономикалық құрамдас бөлігі келесі мақсаттардан тұрады:
  - 1) Қоғам қызметінің залалсыздығын қамтамасыз ету;
  - 2) Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету;
  - 3) процестердің тиімділігін арттыру;
  - 4) АӨК субъектілеріне кредит беру арқылы еңбек өнімділігін арттыру және негізгі капиталға инвестицияларды ұлғайту;
  - 5) тұрақты және тиімді инфрақұрылымға инвестициялардың өсуі;
  - 6) тұрақты жұмыспен қамтуды қолдау және жаңа жұмыс орындарын құру;
  - 7) орнықты даму практикасын енгізу есебінен шығыстарды оңтайландыру;
  - 8) қызметкерлерді оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға және оларға білім беруге инвестициялар;
  - 9) тұрақты даму саласындағы біліммен, тәжірибемен және технологиялармен алмасу үшін жаһандық әріптестікті кеңейту.
12. Қоғамның тұрақты дамуының экологиялық құрамдас бөлігі келесі мақсаттардан тұрады:
  - 1) биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайту;
  - 2) шектеулі ресурстарды жауапкершілікпен тұтыну және оңтайлы пайдалану;
  - 3) экологиялық, энергия және материал үнемдеу технологияларын қолдану;
  - 4) өзінің экологиялық тәжірибелеріндегі ашықтық пен есептілік деңгейін арттыру;
  - 5) Қоғамның және еншілес ұйымның қызметкерлері арасында экологиялық хабардарлықты арттыру.
13. Қоғамның тұрақты дамуының әлеуметтік құрамдас бөлігі келесі мақсаттардан тұрады:
  - 1) әлеуметтік маңызы бар жобаларға инвестициялар;
  - 2) өз қызметінде, оның ішінде қызметкерлерге қатысты этикалық қағидаттарды ұстану;
  - 3) көрсетілетін қызметтерге тең қашықтықтан қол жеткізуді ұсыну үшін инклюзивті даму;
  - 4) жұмысқа қабылдау кезінде ашық конкурстық рәсімдерді және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
  - 5) инклюзивтілік қағидаттарында қызметкерлерге әділ сыйақы беру және олардың құқықтарын сақтау;
  - 6) еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау;
  - 7) қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту;
  - 8) ішкі және сыртқы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру.
14. Қоғамның тұрақты даму саласындағы міндеттері болып табылатындар:

- 1) тұрақты даму қағидаттарын Қоғам қызметіне интеграциялау;
- 2) тұрақты дамудың үш құрамдас бөлігі бөлінісінде қызметке талдау жүргізу және тәуекелдерді бақылау;
- 3) жүйелі жұмысты ұйымдастыру есебінен тұрақты дамуды басқару сапасын арттыру;
- 4) тұрақты даму саласындағы қызмет нәтижелері туралы тұрақты түрде хабардар етуді қоса алғанда, Қоғамның мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу тетіктерін құру.

### 1.3. Қоғамның тұрақты даму қағидаттары

15. Қоғам өз қызметі шеңберінде Қоғамның КБК-де бекітілген тұрақты дамудың мынадай қағидаттарын басшылыққа алады: ашықтық, есеп беруге міндеттілік, айқындық, сыпайы мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу.

16. Сонымен қатар, Қоғам өз қызметінде БҰҰ-ның Жаһандық шартының қағидаттарына бейілділігін мәлімдейді:

- 1) адам құқығын қорғау саласында:
  - Қоғам халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді және құрметтейді;
  - Қоғам адам құқықтарының бұзылуына араласпаушылықты қамтамасыз етеді.
- 2) еңбек қатынастары саласында:
  - Қоғам ұжымдық шарттар жасасу құқығын қолдайды және таниды;
  - Қоғам балалар еңбегін және еңбек пен жұмыспен қамту саласындағы қандай да бір кемсітушілікті толық жоюды жақтайды
- 3) қоршаған ортаны қорғау саласында:
  - Қоғам сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдайды;
  - Қоғам қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қолданады;
  - Қоғам экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуына және таралуына ықпал етеді.
- 4) сыбайлас жемқорлықпен күрес саласында:
  - Қоғам бопсалаушылық пен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және басқа да заңсыз әрекеттерге төзбеушілік туралы мәлімдейді.

### 1.4. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік

17. Қоғамда тұрақты даму Қоғамда табысты және тиімді тұрақты даму саясатын жүргізу үшін мүдделі тараптармен өзара іс қимылға тиісті көңіл бөлінеді.

18. Мүдделі тараптардың тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін және Қоғам мүдделеріне ықпал ету салаларын айқындау мақсатында Қоғамның тұрақты дамуы саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше Қоғамның стейкхолдерлер картасын әзірлейді.

19. Қоғам әсер ету саласына байланысты мүдделі тараптардың үш тобын анықтайды:

- 1) өкілеттік және жауапкершілік саласы (Жалғыз акционер, басқару органы, менеджмент және персонал);
- 2) тікелей әсер ету саласы (мемлекеттік органдар, инвесторлар, қаржы институттары, өнім берушілер, серіктестер, клиенттер, тұтынушылар, аудиторлар және консалтингтік ұйымдар);

3) жанама әсер ету саласы (халық, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары және бәсекелестер).

20. Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау кезінде Қоғам мүдделі тараптарды екі фактор бойынша саралайды: стейкхолдерді қолдау/оған қарсы әрекет ету дәрежесі, оның Қоғамға әсер ету күшін бағалау.

21. Мүдделі тараптардың алынған маңыздылығын бағалау негізінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелері қызмет ерекшелігіне қарай мүдделі тараптармен өзара әрекет ету бағыттарын айқындайды.

22. Мүдделі тараптармен өзара әрекет етудің негізгі нысандары: бірлескен бағдарламалар мен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, қызмет туралы есептілік, кездесулер, кеңестер, жарияланымдар, сұхбаттар және т.б.

23. Мүдделі тараптармен өзара әрекет етудің негізгі салалары: стратегиялық жоспарлау, қаржылық қызмет, жобаларды басқару, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу, заң шығару, операциялық қызмет, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттестік.

24. Қоғам жыл сайын стейкхолдерлердің, оның ішінде олардың тұрақты даму мәселелеріне мүдделілік дәрежесін айқындау мақсатында, тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше айқындайтын негізгі стейкхолдерлерге сауалнама нысандарын жолдап отырады.

25. Қоғамның мүдделі тараптармен өзара әрекеттестігін ұйымдастыру процесі Қоғамның қызметін басқару процесінің барлық кезеңдерінде мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруді және мүдделі тараптардың маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға тартылуын көздейтін тарту қағидатына негізделген.

26. Өз кезегінде, тартылу келесі үш қағидат сақтала отырып жүзеге асырылады:

1) маңыздылығы. Қоғам өзінің мүдделі тараптарын анық анықтайды және мүдделі тараптардың қандай мүдделері маңызды екенін түсінеді.

2) толықтық. Өз қызметі барысында Қоғам мүдделі тараптардың алаңдаушылығына назар аударады, атап айтқанда олардың көзқарастарын, қажеттіліктері мен күтілетін қызмет нәтижелерін, сондай-ақ маңызды мәселелер бойынша пікірлерді түсінеді.

3) ден қою. Қоғам мүдделі тараптардың барлық маңызды мәселелеріне дәйекті түрде ден қояды.

27. Мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастардың басқарылуын ұйымдастыру мақсатында Қоғам өз қызметін мынадай базалық қағидаттарға шоғырландырады:

1) барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтейді және ескереді;

2) нысаналы аудиторияларды өз қызметі туралы белсенді хабардар етуге ұмтылады;

3) мемлекеттік бағдарламаларды, жекелеген ішкі рәсімдерді (сатып алу, жұмысқа қабылдау, қаржылық және қаржылық емес қызметтер көрсету бойынша сыртқы үміткерлер арасында конкурстық іріктеу) іске асыру, сондай-ақ қаржы қаражатын пайдалану бөлігінде объективтілікті, шынайылықты, тәуелсіздікті және жоғары ақпараттық ашықтық деңгейін қамтамасыз етеді;

4) барлық мүдделі тараптармен ашық және нәтижелі ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;

5) мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерін орындайды;

6) мүдделі тараптардан тұрақты негізде кері байланыс алады.

28. Мүдделі тараптарға әсер етуді басқару тәсілдерін ресімдеу кезінде Қоғам төменде айқындалған талаптарды сақтау қажеттілігіне негізделеді.

29. Жалғыз акционермен және мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу кезінде:

1) Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қаржы - шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы анық

ақпарат береді;

2) Қоғам негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционер құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз етеді;

3) ақпаратты ашу және/немесе құпиялылық туралы шарттар және/немесе келісімдер шеңберінде басқа ұйымдардан алынатын құпия ақпаратты қоспағанда, Қоғам қызметінің жоспарлары, жетістіктері, проблемалары, сондай-ақ Қоғамның қызметі туралы басқа ұйымдардың зерттеулері туралы қосымша мәліметтерді береді;

4) Қоғам тұрақты даму саласындағы халықаралық рейтингтерге, кредиттік рейтингтерге қатысады.

30. Инвесторлармен және контрагенттермен өзара әрекеттесі кезінде:

1) Қоғам қаржылық жағдайы, дивидендтік саясаты, сондай-ақ даму перспективалары туралы өзекті ақпаратты жеткілікті дәрежеде ашады;

2) Қоғамның қаржылық және басқарушылық есептілігі заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес дайындалады және уақтылы ұсынылады, бұл ретте, қаржылық есептілікті тәуелсіз аудиторлар тексеруден өткізеді;

3) Жалғыз акционердің және басқа да мүдделі тұлғалардың (республикалық, жергілікті билік органдары) ықпалы туралы, сондай-ақ мүдделі тұлғалармен мәмілелерді бақылау және келісу тәртібі туралы ақпарат белгілі, ашық және қолжетімді;

4) Қоғам инвестициялық және стратегиялық шешімдер қабылдау тәсілдерінің проактивті коммуникациясын жүзеге асырады;

5) Қоғам іскер серіктестер алдындағы өзінің келісімшарттық міндеттемелерін адал орындайды;

6) Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте ақпараттық айқындықты, ашықтықты, тең құқықтықты, әділдікті, кемсітушіліктің және бәсекелестіктің негізсіз шектеулерінің болмауын қамтамасыз етеді;

7) Қоғам корпоративтік басқару және жетекші әлемдік практикаға сәйкес корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру саласындағы қағидаттарды сақтайды.

31. Клиенттермен және тұтынушылармен өзара әрекеттесу кезінде:

1) Қоғамның көрсететін қызметтері тұтынушылар үшін қолжетімді болып табылады;

2) Қоғам тұтынушылық деректер мен коммерциялық ақпараттың таралып кетуін және заңсыз пайдаланылуын қорғау мақсатында олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

3) Қоғам тұтынушылардың барлық топтарына кемсітусіз сапасы бірдей қызмет көрсетеді және бірдей қызмет көрсету деңгейін ұсынады;

4) Қоғам клиенттерге сервис пен қызмет көрсету сапасын арттыруға жәрдемдеседі, бұл клиенттерге қызмет көрсету стандарттарын жақсартудан көрінеді;

5) Қоғам клиенттердің назарына тұрақты негізде жұмыстың жаңа құралдары мен қағидаттары туралы ақпаратты жеткізіп тұрады;

6) Қоғам тұтынушылардың және өз клиенттерінің қаржылық сауаттылығын өз мүмкіндіктеріне қарай және қолжетімді нысандарда арттыруға ықпал етеді;

7) Қоғам Қоғамның еншілес ұйымы клиенттерінің қанағаттанушылығын тұрақты негізде бағалап тұрады.

32. Қызметкерлермен өзара әрекеттесу кезінде:

1) Қоғам ашық, айқын, білікті және уәжді персоналды қалыптастыруға бағытталған кадр саясатын қамтамасыз етеді;

2) Қоғам еңбек қызметі процесінде барлық қызметкерлерге олардың әлеуетін іске асыру, олардың қызметін риясыз және әділ бағалау үшін тең мүмкіндіктер береді;

3) Қоғамда қызметкерлерді іріктеу және олардың мансаптық өсуі тек қана олардың кәсіби қабілеттері, білімі мен дағдылары негізінде жүзеге асырылады;

4) қызметкерлердің тиімді коммуникациясы мен өзара әрекеттігі қызметкерлерді және коммуникация арналарын тұрақты хабардар етудің ішкі корпоративтік көздерін ұйымдастыру,



қызметкерлердің пікірлері мен ұсыныстарын ұдайы зерделеу, жұмыс топтарының қызметін ұйымдастыру жолымен қамтамасыз етіледі.

33. Жұртшылықпен өзара әрекеттесу кезінде:

1) Қоғам жұртшылықпен тиімді және оперативті өзара әрекеттеседі;

2) Қоғам әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға белсенді қатысады;

3) Қоғамға жолданатын сауалдарға жауаптар уақтылы және толық көлемде беріліп отырады;

4) Қоғам бағдарламалардың іске асырылу барысын талқылау, пікір алмасу үшін жұртшылықпен тұрақты кездесулер (дөңгелек үстелдер, брифингтер, ақпаратты ашық қолжетімділікте орналастыру) ұйымдастырып тұрады;

5) Қоғамның демеушілік және қайырымдылық қызметі халықтың қорғалмаған топтары мен аз қамтылған азаматтарға көмек көрсетуге, ұлттық құндылықтарды жандандыруға, мәдениетті, ғылымды және білім беруді қолдауға бағытталған.

## **2. Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызметінің бағыттары**

### **2.1. Ұлттық экономиканың тұрақты дамуына жәрдемдесу**

34. Қоғамның миссиясы жеке қаржы институттарын тарту арқылы қолжетімді және тиімді қаржыландыру жүйесін қалыптастыру жолымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

35. Қоғам тұрақты және қолжетімді қаржыландыру жүйесін дамыту жолымен агроөнеркәсіптік кешенді индустрияландыруға, қарқындалуға және әртараптандыруға ықпал ететін қызметтің тиімді моделіне ие АӨК дамытудың негізгі операторы болып табылады.

36. Қоғам өз миссиясын іске асыру шеңберінде шешетін негізгі міндеттер:

1) Корпорация бағдарламалары бойынша және қаржы институттарының қаражаты есебінен ЕДБ, К, МҚҰ, ЛК арқылы қаржыландыру алған АӨК субъектілерінің үлесін ұлғайту;

2) АӨК субъектілерін қаржыландыру құралдарын ұлғайту және дамыту;

3) озық инновациялық технологияларды енгізуді көздейтін зәкірлі жобаларды қаржыландыру;

4) инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру және сүйемелдеу;

5) АӨК субъектілерінің құзыреттерін, оның ішінде Қоғамның және қаржы институттарының қаржылық және қаржылық емес қызметтері туралы қаржылық сауаттылығы мен хабардарлығын арттыруға жәрдемдесу, сондай-ақ АӨК субъектілерін қаржыландыру және КС институционалдық кемелділігін арттыру мақсаттарында КС-ге білім беру, әдіснамалық, ақпараттық және консультациялық қолдауды қамтамасыз ету;

6) ауылдық жерлерде қаржы институттарының қаржылық инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдесу;

7) АӨК субъектілеріне микрокредит беруді және ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингтік қаржыландыруды дамыту;

8) қаржы институттары мен агроөнеркәсіптік кешеннің жағдайын мониторингтеудің тиімді және тұрақты жүйесін құру.

37. Қоғам инвесторлар үшін қаржылық емес ақпаратты ашудың маңыздылығын түсіне отырып, ішкі нарықта да, сыртқы нарықта да инвестицияларды тарту және қаржы құралдарын танымал ету бойынша белсенді жұмыс жүргізеді. Тұрақты даму қағидаттарын ұстану шеңберінде Қоғам жыл сайын тұрақты даму туралы есепті, сондай-ақ жыл сайынғы негізде өзектендіріліп отыратын Қоғамның тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарын жариялап отырады.

38. Экономикалық тиімді және тұрақты қызмет мақсатына қол жеткізу кезінде Қоғам экологиялық және әлеуметтік мәселелерде, сондай-ақ Қоғамның қаржылық қолдауын алатын

жобалар шеңберінде корпоративтік басқару мәселелерінде (ESG факторлары) осы саладағы негізгі халықаралық стандарттарға – БҰҰ-ның жауапты инвестициялау қағидаттарына және Экватор қағидаттарына сәйкес жауапты инвестициялау тәжірибесін дамыту мақсатында озық халықаралық тәжірибені ұстанады

39. Қоғам ESG факторларын және жобаларға басымдық беру құралын – Даму индексін қаржылық қолдау көрсету бойынша шешімдер қабылдау процесіне, оның ішінде Қоғамның контрагенттерін ESG факторларымен және Даму индексімен таныстыру арқылы енгізуге және біріктіруге ұмтылады.

40. Қоғам өзінің контрагенттерінен:

1) қоршаған ортаға және қоғамға нақты және ықтимал әсерлерді анықтау, бағалау, тиісті басқару шараларын айқындау және енгізу, экологиялық тәуекелдер деңгейін бақылауды жүзеге асыру бойынша экологиялық тәуекелдерді (қоршаған ортаны) басқару жүйесін қолдануды күтеді;

2) адам ресурстарын басқару жүйесін қолдануды және қызметкерлердің денсаулығын қамтамасыз етуді (сақтауды) күтеді, ол бірлестіктер бостандығы мен ұжымдық шарттар жасасу құқығын қоса алғанда, қызметкерлердің құқықтарын құрметтеуге негізделуге тиіс; бұл жүйе қызметкерлерге деген әділ қатынасты, олар үшін қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларының жасалуын, денсаулыққа қолайсыз әсер етудің алдын алуды және болдырмауды қамтамасыз етуге халық топтары мен тұтынушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс;

3) әділдік, адалдық, жауапкершілік, айқындық, кәсіпқойлық және құзыреттілік қағидаттарына негізделген адал корпоративтік басқару жүйесінің қолданылуын күтеді; адал корпоративтік басқару ұйымның қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және оның табысты қызметіне, оның ішінде нарықтық құнының өсуіне, қаржылық тұрақтылығы пен табыстылығын қолдауға ықпал етеді.

## 2.2. Өзінің экологиялық әсерін басқару

41. Өзінің қызмет сипатына байланысты, Қоғам қоршаған ортаға тікелей елеулі әсер етпейді. Қоғам тұтынатын негізгі ресурстар электр энергиясы, жылу энергиясы және су болып табылады.

42. Қоғам қоршаған ортаға жағымсыз әсерлердің алдын алуды барынша қамтамасыз ететін ресурстарды ұтымды пайдалану қағидаттары мен әдістерін қолданады.

43. Қоғам өз қызметінде электрондық құжат айналымы жүйесін және екі жақты басып шығару тәжірибесін енгізу арқылы кеңсе қажеттіліктері үшін қағаз шығынын азайту арқылы ресурстардың шамадан артық тұтынылуын азайтуға және орын алған теріс экологиялық әсерді азайтуға тырысады.

## 2.3. Жауапты еңбек тәжірибесі

44. Қызметкерлер-басты құндылық және негізгі ресурс, олардың кәсібилігі мен қауіпсіздігінің деңгейіне Қоғам қызметінің нәтижелері тікелей байланысты.

45. Қоғам өз қызметкерлерімен еңбек қатынастарын заңдылық қағидаты және қызметкерлердің жалпыға бірдей танылған еңбек құқықтарын сақтау негізінде құрады.

46. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қоғам тең мүмкіндіктер беру қағидатын басшылыққа алады және өз қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, еңбекақы төлеу, оқуға қолжетімділік беру, лауазымын жоғарылату, жынысы, нәсілі, тілі, діни, саяси және басқа да сенімдері, азаматтығы, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, шектелген мүмкіндіктер сияқты негіздер бойынша қызметкерлерін жұмыстан шығару кезінде кемсітуге жол бермейді.

47. Кадрларды іріктеуге жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесі ең білікті үміткерлерді тарту үшін кадрларды іздеу және іріктеу арналарының кең жиынтығын

қолданады.

48. Кәсіби кадрларды одан әрі дамыту және ілгерілету мақсатында Қоғам ішінде үздік қызметкерлердің арасынан біріктірілген бірыңғай кадр резерві құрылды.

49. Қоғамда заманауи технологиялар мен ақпаратты басқару жүйелерін қолдана отырып, персоналды тұрақты оқыту және дамыту жүйесі жұмыс істейді.

50. Қоғам оқытудың озық түрлерін қолданады – сарапшылармен бизнес-таңғы ас, оқыту тағылымдамалары, коучинг, кейстер, ми шабуылдары және т. б.

51. Қоғам қызметкерлерін оқыту және кәсіби дамыту мынадай қағидаттарға негізделген:

1) оқыту іс-шаралары тақырыбы мен мазмұнының қызметкердің лауазымдық міндеттеріне, оның қызметін бағалау нәтижелеріне (ҚТК карталары), қызметкердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес айқындалған қажеттіліктерге сәйкестігі;

2) оқыту іс-шараларының Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруды, үздік корпоративтік тәжірибелер мен стандарттарды зерделеуді қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешуге бағытталуы;

3) оқытудың және кәсіптік дамудың жүйелі, қолданбалы, жоспарлы сипаты;

4) Қоғам қызметкерлерінің барынша көп санын оқыту және кәсіби даму бағдарламаларымен қамту.

52. Қоғамдағы оқыту процесі қызметкерлерді құзыреттері бойынша жыл сайынғы бағалау негізінде құрылады.

53. Қызметкерлердің еңбек өнімділігі деңгейін арттыру ҚТК қолдану, персоналды аттестациялау және уәждемелік шаралар тәсілімен қызметті әділ және жүйелі бағалау арқылы жүзеге асырылады.

54. Еңбегі үшін әділ және бәсекеге қабілетті сыйақыны қамтамасыз ету мақсатында Қоғамда грейдтер жүйесі енгізілді, нарықтағы және салыстырмалы саладағы жалақыларға тұрақты шолу жүзеге асырылады, мотивациялық зерттеулер жүргізіледі.

55. Қоғам жұмыс орындарында қызметкерлер еңбегінің дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз ету бойынша шараларды қолданады және осы саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға ұмтылады.

56. Қоғам еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға қатысты барлық оқиғалар мен мәселелерді оларды барынша азайту немесе жою мақсатында құжаттайды және тексереді.

57. Қоғам еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында, осы саладағы қызметкерлерді оқыту мен біліктілігін арттыруды қоса алғанда, қызметкерлердің қажетті даярлығын ұсынады.

#### **2.4. Жауапты іскерлік тәжірибе**

58. Қоғам сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен тәжірибелерді енгізеді және қолдайды.

59. Қоғамның барлық деңгейлерінің басшылары өздерінің қарамағындағы қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың үлгісін көрсетеді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ұстануын, көтермелеуін көрсетеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың енгізілуін қадағалайды.

60. Қоғам сыбайлас жемқорлық және оған қарсы іс-қимыл мәселелерінде өзінің лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің, контрагенттерінің хабардарлығын арттырады.

61. Қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою бойынша қызметкерлерді оқыту тұрақты негізде жүргізіліп тұрады.

62. Қоғамда кері байланыс тетіктері жұмыс істейді, ол арқылы Қоғамның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері мен контрагенттері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар Қоғамның кез келген лауазымды тұлғасы, қызметкері; Қоғамның контрагентінің лауазымды тұлғасы,

қызметкері, өкілі жасаған ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бере алады.

63. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері мүдделер қақтығысынан бос, айқын, уақтылы және барабар шешімдер қабылдауға жауапты болады.

### **3. Осы Саясатты іске асыру тетіктері**

#### **3.1. Жауапкершілікті бөлу**

64. Қоғамдағы тұрақты дамуды басқару Қоғам қызметін жалпы басқару жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

65. Қоғамның Директорлар кеңесі тұрақты дамуды енгізуге стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады.

66. Қоғамның стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеті тұрақты даму саласындағы іс шараларды үйлестіруге жауапты болады.

67. Қоғам Басқармасы тұрақты даму саласындағы тиісті іс шаралар жоспарын бекітеді.

68. Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесінің басшысы осы Саясаттың басқарылуын қамтамасыз етуге жауапты болады.

69. Қоғамның құрылымдық бөлімшелері тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асырады.

70. Өз құзыреті шегінде тұрақты даму саласындағы іс шараларды іске асыру үшін Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшылары дербес жауапты болады.

71. Қоғамның құрылымдық бөлімшелері тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру нәтижелері туралы ақпаратты, сондай-ақ Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшенің сұрау салуы бойынша жылдық есепке және Қоғамның тұрақты дамуы туралы есебіне енгізу үшін ақпаратты ұсынады, қажет болған жағдайда, Қоғамның осы саладағы қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді.

72. Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше мынадай функцияларды атқарады:

1) тұрақты даму саласындағы қызметті жоспарлауды жүзеге асырады – ішкі және сыртқы ахуалды талдау, тұрақты дамудың үш құрамдас бөлігі бойынша қызметті жақсарту және жетілдіру жөніндегі мақсаттарды, іс-шараларды, жауапты тұлғаларды, қажетті ресурстар мен орындау мерзімдерін айқындау;

2) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің осы Саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған қызметін үйлестіреді;

3) тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын және ҚТК орындау жөніндегі есепті дайындауды жүзеге асырады;

4) тұрақты даму туралы бөлімді қоса отырып, Қоғамның жылдық есебін дайындауды жүзеге асырады;

5) Қоғамның тұрақты дамуы туралы есепті дайындауды жүзеге асырады;

6) сыртқы жаттықтырушыларды тарта отырып немесе өз бетінше Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің тұрақты даму саласындағы біліктілігін арттыру мақсатында Қоғам қызметкерлері үшін оқыту семинарларын өткізеді;

7) Қоғамның Стратегиялық және корпоративтік даму комитетінің қызметі шеңберінде тұрақты даму саласындағы ішкі нормативтік құжаттар мен іс-шаралар жоспарларын келісуді қоса алғанда, тұрақты даму мәселелері бойынша Қоғамның ҚБ-мен өзара іс-қимыл жасайды;

8) тұрақты даму мәселелері жөнінде халықаралық ұйымдармен, институттармен, агенттіктермен өзара іс-қимыл жасайды.

---

### 3.2. Тұрақты даму қағидаттарын негізгі процестерге интеграциялау

73. Қоғам жоспарлауды, есептілікті, тәуекелдерді басқаруды, инвестицияларды, операциялық қызметті және басқаларды қоса алғанда, тұрақты даму қағидаттарын Даму стратегиясына және Қоғамның негізгі процестеріне, сондай-ақ уәкілетті органдардан (Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма) бастап, қатардағы қызметкерлермен аяқтай отырып, барлық деңгейдегі шешім қабылдау процестеріне біріктіреді.

#### 3.2.1. Шешімдер қабылдау процестері

74. Қоғамда шешім қабылдау процесі келесілерге негізделеді:
- 1) тұрақты даму қағидаттары бейілділікті Қоғамның уәкілетті органдары белгілейді;
  - 2) шешім қабылдау процесі қаржы, табиғи және адам ресурстарын тиімді пайдалануға ықпал етеді;
  - 3) Қоғамда тең гендерлік мүмкіндіктер, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін тең мүмкіндіктер берілген және басшылық позициялар үшін ұлттық белгі бойынша кемсітуге жол берілмейді;
  - 4) Қоғамда өзара әрекеттестікті жақсарту үшін салаларды анықтауға көмектесетін мүдделі тараптармен екіжақты ақпарат алмасу процестері белгіленген;
  - 5) Қоғамда кезеңдік негізде басқару процестеріне талдау және бағалау, қажет болған жағдайда, процестерді түзету және тиісті ақпаратты барлық мүдделі тұлғаларға жеткізу жұмысы жүргізіледі.

#### 3.2.2. Даму стратегиясы және жоспарлау

75. Стратегиялық интеграция Қоғамның тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, Қоғамның Даму стратегиясының өзектендірілуін көздейді.

76. Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар Қоғамның Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілген.

#### 3.2.3. Корпоративтік басқару

77. Қоғамның тұрақты дамуын басқару жүйесі корпоративтік басқару жүйесімен тығыз байланысты.

78. Қоғамның КБК негіз қалаушы қағидаттарының бірі тұрақты даму қағидаты болып табылады.

79. Барлық деңгейдегі барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар тұрақты дамуға үлес қосады.

#### 3.2.4. Операциялық қызмет

80. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушілерді таңдауды Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырады және сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, коммерциялық құпияға өнім берушілердің құқықтарын және (немесе) заңды мүдделерін сақтай отырып, сатып алу процесінің ашықтығы мен анықтығы, сондай-ақ сатып алуды өткізу процесіне қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру қағидаттарына негізделеді.

81. Қоғам тұрақты даму мақсаттарымен келісімділікті арттыру үшін серіктестермен тиісті келісімшарттарға (келісімдерге, шарттарға) тұрақты даму қағидаттарын енгізу

---

мүмкіндігін қарастырады.

### 3.2.5. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

82. Қоғамның әрекеттері мүдделі тараптардың мүдделерін қозғайды және олардың тарапынан сын мәні болуы мүмкін. Мүдделі тараптардың сынын Қоғам оның беделіне ықтимал теріс әсер ету көзі ретінде қарайды.

83. Қоғамның тұрақты даму саласындағы тәуекелінің негізгі түрі мақсатты аудиторияның Қоғам қызметіне деген сенім деңгейінің төмендеуіне және Қоғамның қызметі нәтижесінде оның қоршаған ортаға қолайсыз әсеріне байланысты беделді және ESG тәуекелдері болып табылады.

84. Беделді ESG тәуекелдерін басқару құралдарының бірі:

– бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүзеге асыруды, өтініштерді қарауды, мүдделі тараптармен сауалнамалар мен кездесулер өткізуді қоса алғанда, мүдделі тараптармен тұрақты диалог жүргізу;

– ресурстарды ұтымды тұтыну қағидаттарын қолдану, қызметкерлерге экологиялық білім беру, тең мүмкіндіктер беру, қызметкерлердің құқықтарын қорғау, жұмыс орындарында еңбекті дұрыс ұйымдастыру, мүдделер қақтығысынан бос ашық шешімдер қабылдау, гендерлік теңдік, Қоғамның қызметін мүдделі тараптардың кең ауқымына жария ету.

85. Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалатын өзге де тәуекелдер ұзақ мерзімді кезеңде Қоғамның тұрақты дамуына әсер ететін басқа да тәуекелдер ретінде қаралуы мүмкін.

86. Тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді басқару мақсатында Қоғам тәуекелдер әсерінің ішкі және сыртқы факторларына талдау жүргізеді және оларды барынша азайту үшін шаралар қолданады.

87. Беделді және ESG тәуекелдерін мониторингілеу, бақылау және басқару тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалған.

### 3.2.6. Қаржылық қолдау

88. Қоғам келесі қызмет түрлері бойынша қаржылық қолдау көрсетпейді:

1) спирттік ішімдіктер өндірісі;  
2) темекі бұйымдарын, есірткі және психотроптық заттарды және т. б. өндірісі;  
3) Қоғамның жарғылық мақсаттары мен қызмет түрлеріне және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін өзге де қызмет түрлері.

89. Қоғам қоршаған ортаны қорғау және қаржыландырылатын жобалар мен өзге де қызметтің әлеуметтік ықпалы саласында озық халықаралық тәжірибелерді қолдануға ұмтылады.

90. Қоғамның қаржылық қолдау көрсетуі туралы шешім қабылданған кезде мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу саласындағы уәкілетті органдар берген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін рұқсат құжаттарының болуы ұсынылады.

91. Қаржыландырылатын жобалардың қоршаған ортаға және қоғамға әсер ету ауқымы мен сипатына қарай Қоғам жобалардың экологиялық және әлеуметтік тәуекелдеріне бағалау мен мониторинг жүргізу мақсатында шарт негізінде консалтингтік, аудиторлық, ғылыми-зерттеу ұйымдарын, сондай-ақ жекелеген сарапшыларды тарта алады.

92. Жобаларды қаржыландыруға басқа халықаралық және ұлттық қаржы институттары тартылған жағдайда, Қоғам осындай құжаттар болған жағдайда, осы ұйымдар ұсынған құжаттардың тиісті ережелерін басшылыққа алады.

93. АӨК жобаларын объектілерді салуға қаржыландыру шеңберінде Қоғам міндетті мемлекеттік экологиялық сараптаманы және Қазақстан Республикасының заңнамасына және

нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен міндетті келісілуін ескере отырып, жобалық-сметалық құжаттамаға сараптама жүргізеді. Жобаларды қаржыландыруға шешім қабылдау кезінде Қоғам қоршаған ортаға теріс әсерді азайту мақсатында экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді ескереді.

94. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің кредит беруге арналған өтінімдерін қарау кезінде қоршаған ортаға зиянды әсерді барынша азайту мақсатында Қоғам мынадай қосымша ұсынылатын талаптарға жауап беретін жобаларға артықшылық береді:

- клиенттің қоршаған ортаға әсерді, еңбекті қорғауды және қауіпсіздік техникасын басқарудың сертификатталған жүйесі және (немесе) әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі бар;
- жобалар ХҚК экологиялық және әлеуметтік стандарттарына немесе жобаларды іске асыруға ЕҚДБ талаптарына жауап береді;

- жоба жаңартылатын энергияны, ластануы төмен энергияны, энергия мен ресурстарды үнемдейтін технологияларды, су мен қалдықтарды тұрақты пайдалануды дамытуға және енгізуге бағытталған «жасыл» жобалар санатына жатады (*мысалы:*

- *тамшылатып суару жүйесін, өсімдіктерді жер асты аквариумынан суаруды көздейтін жылыжайлар, өсімдіктер пайдаланған судың қайтадан балық резервуарына жеткізілуін ескере отырып;*

- *электр энергиясы үшін биогаз және ауыл шаруашылығы жануарларының қалдықтарынан биотыңайтқыштар өндіру бойынша анық технологиялық циклі бар қалдықсыз өндірісті қолданатын мал шаруашылығы / шошқа өсіру кешендері);*

- *метеостанцияларды (ауа райы жағдайларын мониторингтеу жүйелері), ауыл шаруашылығы жұмыстарының жүргізілуін мониторингтеу және бақылауға арналған ауыл шаруашылығы дрондарын пайдаланатын агрошаруашылықтар.*

95. Егер жүзеге асырылуы мыналарды көздесе, жоба қоршаған орта үшін таза пайда әкелетін жоба болып саналады:

- парниктік газдар шығарындыларын азайту; атмосфераға зиянды заттар шығарындыларын тікелей азайту;

- атмосфералық ауаға зиянды шығарындыларды азайту;

- жаңартылатын энергияның генерациялаушы қуаттарын ұлғайту (қоқысты қайта өңдеу, жел, гидро -, геотермалдық, био -, күн және т. б. энергия);

- энергия тиімділігін арттыру;

- су тұтынуды азайту және су ресурстарын тиімді пайдалану тәсілдерін ілгерілету, су үнемдеу технологияларын, су тұтынуды есепке алу жүйелерін және суды қайта өңдеуді ілгерілету;

- зиянды қалдықтардың түзілуін азайту;

- топырақ ластануының алдын алу және азайту;

- жерді қайта қалпына келтіру және қалпына келтіру;

- климаттың өзгеру мәселелерін шешу.

96. Егер іске асырылуы мыналарды көздейтін болса, жоба Қоғам үшін таза пайда әкелетін жоба болып саналады:

- жаңа жұмыс орындарын құру;

- ауыл тұрғындарының табысын арттыру;

- ауылдық жерде қосымша салық төлемдерінің түсуі;

- еңбек өнімділігін, шығымдылығын арттыру және өнімнің өзіндік құнын

төмендету;

- ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау үшін алғышарттар жасау.

97. Қазақстан Республикасы іргелес мемлекеттермен бірқатар халықаралық келісімдердің, сондай-ақ халықаралық конвенциялардың тарабы болып табылады. Көршілес елдермен келісім нормаларын іске асыру үкіметаралық комиссиялар шеңберінде жүзеге

асырылады.

98. Қоғам тұрақты даму саласындағы халықаралық бастамаларға, оның ішінде жауапты инвестициялау тәжірибесін қолдануға қатысты бастамаларға қосылу арқылы қатысуды дәйекті түрде кеңейтуге ниетті.

99. Қоғам қаржыландыратын жобалар Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының (FAO) белгілеген тиісті ауылшаруашылық тәжірибесіне сәйкес келуі керек. Топырақтың, жайылымның, су ресурстарының және биоәртүрліліктің сақталуына ерекше назар аудару керек. Сонымен бірге, қаржыландыру кезінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманың, оның ішінде Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI Экологиялық кодексінің талаптары ескерілуі тиіс.

### **3.3. Тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашу**

100. Қоғамның осы Саясаты жалпы жұртшылық үшін ашық болып табылады және корпоративтік интернет-сайтта орналастырылады.

101. Қоғам мүдделі тараптар үшін корпоративтік интернет - сайттың тиісті бөлімінде, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебінде осы Саясаттың іске асырылу нәтижелерін ұдайы ашып отырады.

102. Қоғамның жылдық есепті қалыптастыру тәсілдері ақпаратты ашудың халықаралық стандарттарына – GRI стандарттарына негізделеді.

## **4. Қорытынды ережелер**

103. Осы Саясат бекітілген күнінен бастап күшіне енеді.

104. Қоғам өз қызметінде осы Саясаттың ережелерін енгізуге ұмтылады.

105. Қоғам Жалғыз акционердің, Қоғамның және өзге де мүдделі тұлғалардың мүдделерін басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерді және халықаралық және ұлттық тәжірибеде тұрақты даму саласындағы жаңа стандарттардың пайда болуын ескере отырып, осы Саясатты жетілдіретін болады